



* ҚР санитариялық-
эпидемиологиялық
қызметінің функциясы

Орындаған: Ағабекова Аяулым
МПД 1-1 5 курс

*Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметі - органдар мен мекемелердің бірыңғай орталықтандырылған жүйесі, олардың басты міндеті қоршаған ортаның қолайсыз факторларының халықтың денсаулық жағдайына зиянды әсерін болдырмау, анықтап, жойып отыру, санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға бақылау жасау және кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың санитариялық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді, санитариялық заңдарды және

*Қазақстан Республикасы заңдарының адамның денсаулығын сақтауға қатысты бөлігін орындауын қадағалау арқылы жұқпалы және кәсіптік аурулардың алдын алу болып табылады.

* Мемлекеттік санитариялық- эпидемиологиялық қызметтің құрылымы

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің құрылымына мыналар кіреді:

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бас басқармасы;
- Қазақстан Республикасының тиісті аумақтарында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалайды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер:
 - Қазақ республикалық санитариялық-эпидемиологиялық станциясы
 - Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық станциялар
 - Қалалық санитариялық-эпидемиологиялық станциялар
 - Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық станциялар;
- Темір жол көлігінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалайды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер:
 - Жол санитариялық-эпидемиологиялық станциялары
 - Бөлімшелік станциялық-эпидемиологиялық станциялар
 - Желілік санитариялық-эпидемиологиялық станциялар;
- Әуе көлігінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер:
 - Орталық санитариялық-эпидемиологиялық станция
 - Бірлескен авиаотрядтардың санитариялық-эпидемиологиялық станциялары;
- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне іссапарға жіберіліп, оның объектілерінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалайды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер

* Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметке, оның органдары мен мекемелеріне басшылық жасау

* Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметті Қазақстан Республикасының мемлекеттік **санитариялық Бас дәрігері** басқарады, ол Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің орынбасары болып табылады, қызмет органдары мен мекемелеріне орталықтан басқару қағидаларына сай басшылық жасауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бас басқармасы мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметке басшылық жасайды, оны Санитариялық-эпидемиологиялық бас басқарманың бастығы - Қазақстан Республикасы мемлекеттік санитариялық Бас дәрігерінің бірінші орынбасары басқарады. Санитариялық-эпидемиологиялық бас басқарма бастығының орынбасарлары Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық Бас дәрігерінің орынбасарлары болып табылады. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметті Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық Бас дәрігері басқарады, ол Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің орынбасары болып табылады, қызмет органдары мен мекемелеріне орталықтан басқару қағидаларына сай басшылық жасауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бас басқармасы мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметке басшылық жасайды, оны Санитариялық-эпидемиологиялық бас басқарманың бастығы - Қазақстан Республикасы мемлекеттік санитариялық Бас дәрігерінің бірінші орынбасары басқарады. Санитариялық-эпидемиологиялық бас басқарма бастығының орынбасарлары Қазақстан Республикасының мемлекеттік **санитариялық Бас дәрігерінің орынбасарлары** болып табылады.



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметінің функциялары

- * 1. Санитариялық-эпидемиологиялық бас басқарма
- * 2. Республикалық санитариялық-эпидемиологиялық станция
- * 3. Облыстық, қалалық және аудандық санитариялық-эпидемиологиялық станциялар
- * 4. Облыстардың, республикаға бағынысты аудандық санитариялық-эпидемиологиялық станциялары бар қалалардың санитариялық-эпидемиологиялық станциялары (басқармалары), темір жолдардың жол санитариялық-эпидемиологиялық станциялары, әуе көлігіндегі Орталық санитариялық-эпидемиологиялық станция сонымен бірге мынадай ұйымдық-нұсқамалық функцияларды орындайды: т.б.

*** Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мүлкі және оны материалдық-**

техникалық қамтамасыз ету

* Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет құрамына кіретін органдар мен мекемелердің үйлері, ғимараттары, жабдықтары, көлік құралдары және басқа мүлкі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің иеленуіне, пайдалануы мен басқаруына беріледі және жекешелендіруге, акцияландыруға, басқаға беруге және басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерге сатуға болмайды.

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету республикалық және жергілікті бюджеттер, бюджеттен тыс арнаулы қаражат және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да қаржыландыру көздері есебінен жүзеге асырылады.

Әкімдер, министрліктер, темір жолдар, компаниялар, концерндер және корпорациялар өз қаражаты есебінен санитариялық-эпидемиологиялық станциялардың материалдық-техникалық базасын нығайтады, оларды байланыс құралдарымен және коммуникациялармен, ал қызметкерлерін осы ведомстволар үшін белгіленген жеңілдіктермен қамтамасыз етеді.

* Кері байланыс сұрақтар:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметі дегеніміз не?
2. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің құрылымына мысал айтыңыз?
3. Салауатты өмір салтын насихаттауды, халықты гигиеналық жағынан оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге астыратын органдар мен мекемелер?
4. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметке, оның органдары мен мекемелеріне басшылық жасау қалай жүреді?